


Келісілді 
«Ақмола облысы білім басқармасының
Зеренді ауданы бойынша ББ» ММ
басшысы Кенжеболатова Д.Ш.

Бекітемін 
пед.кеңестің № 1 хаттамасы
" _____ " ЖЫЛ
«Жылымды ауылының
негізгі орта мектебі» КММ
директоры А.М.Есжанова

2024-2025 оқу жылына арналған
«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім
бөлімі Жылымды ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ

**Жылымды ауылының негізгі орта мектебінің
2024-2025 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫНА**

ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылына арналған "Жылымды ауылының негізгі орта мектебі" КММ жұмыс оқу жоспары мынадай нормативтік-құқықтық құжаттардың негізінде әзірленді:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары:

"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығымен.

Оқу жұмыс жоспары оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленді:

- 1-4 сыныптар үшін - қосымша №1;
- 5-9 сыныптар үшін – қосымша №6;
- кіші топ (2 жастағы балалар) - қосымша №: 1, 2, 3.
- ортаңғы топ (4 жастағы балалар) - қосымша №1, 2, 3.

Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2024-2025 оқу жылында "Жылымды ауылының негізгі орта мектебі" КММ оқу-тәрбие процесінде келесі міндеттерге назар аударылатын болады:

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыш білім беру деңгейі бойынша: • тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілгені; • 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатыны; • «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатыны ескерілді.

- 1-3 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады; «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту жалғасады; Оқу ісінің меңгерушілерінің аудандық әдістемелік кеңесінің шешіміне сай 1 сыныпта 0,5 сағат жүктемесі ІІ жарты жылдықтан бастап жүргізіледі

- Қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту;

- вариативті компонент есебінен "жаһандық құзыреттілік" курсын енгізу.

Мектептің жұмыс оқу жоспары әр оқушының дамуы үшін оңтайлы жағдай жасайды.

Оқу жұмыс жоспарының негізі- тұтастық, сабақтастық, жүйелілік, прогрессивтілік және тепе-теңдік принциптері болып табылады.

Оқу жоспары " санитарлық-эпидемиологиялық жалпы білім беретін мекемелерде оқытудың шарттары мен ұйымдастырылуына қойылатын талаптарды" қамтамасыз етеді.

Оқу жоспарына кірген инвариантты және вариативтік сағаттар:

- мектеп түлектерінің білім беруді одан әрі жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін қажетті білім мен дағдыларды игеруіне ықпал ететін мемлекеттік стандартты толық іске асыруға мүмкіндік беретін инвариантты компонент. Инвариантты бөлік оқушыларды жалпы мәдени және ұлттық маңызы бар құндылықтармен таныстырады, оларда қоғамдық идеалдарға сәйкес келетін жеке қасиеттерді қалыптастырады (барлық оқушылар үшін міндетті сабақтар).

- оқушының жеке мүдделерін, бейімділігі мен қажеттіліктерін, уақыт талабын ескере отырып, оның жеке дамуына арналған вариативті компонент. Элективті курстар, мақсаттар мен міндеттер кестелерде көрсетілген.

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының 2023-2024 оқу жылына арналған Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатының негізгі ережелері пайдаланылады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12)- сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

Инвариативті және вариативті компоненттерді қоса алғанда, жалпы білім беретін сынып оқушыларының апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 1-сыныпта 19,5.

3 сыныпта-26 сағаттан. 4 сыныпта- 26 сағаттан, 5 сыныпта-28,5. 6- сыныпта – 28,5 сағаттан, 7 – сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта-32,5 сағаттан, 9-сыныпта-34 сағаттан аспайды.

Келісілді
«Ақмола облысы білім басқармасының
бойынша ББ» ММ
басшысы Кенжеболатова Д.Ш.

Бекітемін
«Жылымды ауылының Зеренді ауданы
негізгі орта мектебі» КММ
директоры А.М.Есжанова

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың ортаңғы тобының оқу жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	4 жастан бастап
		аптасына
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет (дүйсенбі, сейсенбі, жұма)
	Дене шынықтыру **	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет (сейсенбі)
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына екі рет (дүйсенбі, бейсенбі)
	Музыка ****	күн сайын

Есжанова

Келісілді
«Ақмола облысы білім басқармасының
бойынша ББ» ММ
басшысы Кенжеболатова Д.Ш.

Бекітемін
«Жылымды ауылының Зеренді ауданы
негізгі орта мектебі» КММ
директоры А.М.Есжанова

**Бөбек жасы балаларына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың кіші
топ бойынша оқу жоспары**

№ р/с	*Ұйымдастырылған іс-әрекет	кіші топ (2 жастан бастап)
		Аптасына өткізілу жиілігі
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма)
	Дене шынықтыру **	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
6	Музыка	аптасына бір рет (бейсенбі)
	Музыка ***	күн сайын

Есжанова